

Сарыкөл кентінің құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кенті әкімінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 4 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 10 тамызда № 5792 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескеріп Сарыкөл кентінің әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Сарыкөл кентінде қайта атауға:
Ленина көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
50 лет Октября көшесі Тәтіқара жырау атындағы көшеге;
Юбилейная көшесі Айтбай батыр атындағы көшеге;
Куйбышев көшесі Астана көшесіне.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Каппасов